
Бекітемін:
№ 32 **«Қуаныш»** балабақша меңгерушісі:

_____ Р.А. Лекерова.

«Геокванториум мектеп жасына дейінгі балаларға арналған инновациялық білім беру алаңы»

«Жер шары»



«Бәйшешек» ересек тобы.

Тәрбиеші: **Тенизбаева Н.О.**

Ақтөбе, 2025 жыл.

Сканировано с CamScanner

Тақырыбы: **«Жер шары»** (глобуспен жұмыс)

Мақсаты: Балаларға Жер шары (глобус) туралы бастапқы түсінік беру, Жердің пішіні шар тәрізді екенін ұғындыру, глобус арқылы құрлық пен суды ажырата білуге үйрету, дүниетанымын кеңейту, кеңістікте бағдарлау қабілетін дамыту, табиғатқа деген қызығушылық пен қамқорлық сезімін қалыптастыру.

Міндеттері: - Глобустың не екенін түсіндіру.
- Жердің пішіні шар тәрізді екенін ұғындыру
- Құрлық пен суды (теңіз, мұхит) ажырата білуге үйрету
- Қазақстанды глобустан көрсету
- Сұрақ қою, ойлау, бақылау дағдыларын дамыту

Көрнекіліктер: Глобус, Қазақстанның туы, суреттер (құрлық, мұхит, Жер ғарыштан)

Ұйымдастыру іс – әрекеті:

Кіріспе:

Глобус – Жер шарының кішірейтілген үлгісі. Ол Жердің нақты пішінін, құрлықтар мен мұхиттардың орналасуын көрсетеді.
Жердің пішіні **шар тәрізді**, сондықтан глобус та домалақ.
Мәлімдемелер бойынша глобуста көрсетілген **көк түс** – су (теңіздер мен мұхиттарды) бейнелеген.
Жасыл, сары, қоңыр түстер – құрлықтарды. Глобуста **елдер, қалалар, өзендер, таулар** белгіленген.
Глобус **өз осінен айналады** – бұл Жердің айналуын көрсетеді.
Біз **Қазақстан** деген елде тұрамыз.

Ойын және іс-әрекет:

1. **«Тап та көрсет»** – тәрбиеші айтқан құрлықты немесе елді глобустан табу
2. **«Қайда көп?»** – суда ма, құрлықта ма?
3. **Қимылды ойын** – «Жер айналады» (балалар Жер сияқты айналады)

Тәрбиеші: Балалар, мен сендерге өлең – шумағын оқып берейін сендер өлең не туралы айтылғанын әңгімелеп беріңдер.

Тақпақтар:

Глобус тұр үстелімде,
Жер шары бар бетінде.
Тау мен теңіз, елдер көп,
Саяхаттайм оймен де.


Күнді айналар Жерім бар,
Көк мұхит, жасыл белім бар.
Глобус маған сыр айтар,
Әлем қандай кең екен деп

Қорытынды: Ойын: Ой қозғау:


Глобус деген не?
Глобус неге домалақ?
Глобус не үшін керек?
Глобуста нелер көрсетілген?
Глобус Жер туралы нені білдіреді?
Глобус пен Жердің ұқсастығы қандай?
Біз қай планетада өмір сүріп жатырмыз?
Судың түсі қандай?
Таудың ше?
Құрлықта кімдер өмір сүред

Сканировано с CamScanner















Сканировано с CamScanner